


Медициналық мақсаттағы бұйымды қолдану жөніндегі нұсқаулық

Медициналық мақсаттағы бұйымның атауы

«AllStar®», инсулинді енгізуге арналған көп рет пайдаланылатын шприц-қалам картридждерде 3,0 мл-ден.



Игла для ручки (не прилагается) - Қаламға арналған ине (қоса берілмейді),
Внешний колпачек иглы – Иненің сыртқы қалпақшасы, Внутренний колпачек
иглы - – Иненің ішкі қалпақшасы, Игла – Ине, Защитная прокладка -
Қорғағыш төсеме, присоединение иглы (с шаг 3) – инені жалғау (3 адымды
қараңыз), Установка картриджа (см шаг 1) Картриджді орнату (1 адымды
қараңыз), Картридж (не прилагается) – Картридж (қоса берілмейді), Резиновая
прокладка – Резеңке төсеме, Резиновая пробка - Резеңке тығын, Колпачек
ручки - Қаламның қалпақшасы, Держатель картриджа - Картридж ұстатқыш,
Шкала оставшейся дозы - Қалған дозаның шкаласы, Корпус шприц-ручки –
Шприц-қаламның корпусы, Селектор дозы – Дозаның селекторы, Кнопка
дозатора - Дозатордың түймесі, Поршень (может быть в различных
положениях или внутри корпуса ручки) – Поршень (әртүрлі орналасу
күйінде немесе тұтқа корпусының ішінде болуы мүмкін)
Собранная шприц-ручка готова для первого применения

- Жиналған, бірінші пайдалану үшін дайын шприц-қалам

Бұйымның құрамы мен сипаттамасы КОМПОНЕНТТЕР ТІЗІМІ

ШПРИЦ-ҚАЛАМҒА АРНАЛҒАН ИНЕЛЕР

Тек AllStar®-мен үйлесімді инелерді ғана пайдаланыңыздар. Инелердің келесі дайындаушылары пайдаланылуы мүмкін: Artsana, Becton Dickinson, Ypsomed және Owen Mumford. Инелер жиынтыққа енгізілмеген.

AllStar® шприц-ручка күлгін және көк-жасыл түстік нұсқаларда шығарылады.

Қолданылу саласы

AllStar® инсулин енгізу үшін көп рет пайдаланылатын қолдануға қолайлы шприц-қалам болып табылады, Санофи 3,0 мл инсулиндік катридждерімен пайдалануға арналған. Тек AllStar®-мен үйлесімді инелерді ғана пайдаланыңыздар®.

Пайдаланудың алдында осы нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз және Сіз AllStar®-ды пайдаланғанда әрқашан соны ұстаныңыз, бұл Сіздің дұрыс дозаны алуыңызға кепілдік береді.

- Егер Сіз нұсқауды дәл орындамасаңыз, онда инсулиннің тым жоғары немесе аз дозасын алуыңыз мүмкін, бұл Сіздің қаныңыздағы глюкоза деңгейіне әсер етуі мүмкін.

- Егер Сіз нұсқауларды толықтай өз бетіңізше орындай алмайтындай жағдайда зағип болсаңыз немесе көру жөнінде елеулі проблемаларыңыз болса, Сізге тек нұсқаулықтарды ұстануға қабілетті адам көмектесетін жағдайда ғана AllStar®-ды пайдаланыңыз.

AllStar® - инсулин енгізуге арналған көп рет пайдаланылатын шприц-қалам.

AllStar® - ды пайдаланудың алдында тиісінше енгізу техникасы жөнінде өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізбен сөйлесіңіз.

- Сіз адымы 1 бірлік 1-ден 80 бірлікке дейінгі дозаны белгілей аласыз.

- AllStar® тек Санофи компаниясының 3 мл (300 бірлік) инсулиндік картридждерімен (U-100) пайдаланыла алады.

- Әрбір инсулиндік картридждің ішінде 300 бірлік бар және ол бірінші пайдаланудан бастап таусылғанша немесе 28 күн өткенге дейін (қайсысы бірінші болуына қарай) пайдаланылуы мүмкін.

- Барлық 300 бірлік пайдаланылғаннан кейін резеңке тығын картридждің ұшына жылжиды.

AllStar® пайдалана басталғаннан ең көбі 3 жыл бойы пайдалануға арналған.

Сіздің шприц-қаламыңыз пайдаланған күнін мына жерге жазыңыз: ____ / ____ / ____

Егер Сіздің инсулиндік шприц-қаламыңыз 3 жыл бойы пайдаланылса, жаңа AllStar®-ды алу үшін өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізбен байланысыңыз.

AllStar®-ды пайдалану жөніндегі маңызды ақпарат

Маңызды

- Әрбір инъекцияның алдында инсулин типінің және жарамдылық мерзімі аяқталатын күннің сәйкестігіне әр қашан өз картриджіңіздегі заттаңбаны тексеріңіз.
- Әрбір пайдаланудың алдында жаңа инені жалғаңыз. Тек AllStar®-мен үйлесімді инелерді ғана пайдаланыңыздар. Инелердің келесі дайындаушылары пайдаланылуы мүмкін: Artsana, Becton Dickinson, Ypsomed және Owen Mumford. Ине жиынтыққа енгізілмеген.
- Әрбір инъекцияны бастауға әрқашан қауіпсіздігіне тест жүргізіңіз (4 адымды қараңыз).
- Егер сіз инсулиннің әртүрлі типін пайдалансаңыз Сізге AllStar® немесе инсулиннің әр түсі үшін Санофидің басқа шприц-қаламдары керек. AllStar® әртүрлі түстерде қол жетімді.
- Егер Сіз басқа пациентке инъекция жасайтын болсаңыз немесе Сізге басқа адам инъекция жасайтын болса, иненің ұшына тиіп кетпеу және инемен кездейсоқ жаракаттанудан және жұқпа жұқтырудан аулақ болу үшін арнайы сақтық шараларын қолға алыңыз.
- Басқа пациенттердің болуында, мысалы ауруханада немесе емдеу-профилактикалық орталығында пайдалану үшін де әрбір пациент үшін жеке шприц-қаламға кепілдік беру үшін арнайы сақтық шаралары қолға алынуы тиіс. Қауіпсіз инелерді пайдалану ұсынылады.
- Әрбір AllStar® екіш қаламы, әрбір ине және әрбір картридж тек бір адамның пайдалануына арналған. **Оларды басқа біреумен бірге пайдаланбаңыз.**
- Егер ол зақымданса немесе егер Сіз оның тиісінше жұмыс істейтініне сенімсіз болсаңыз AllStar® шаприц-қаламын ешуақытта пайдаланбаңыз.
- Зақымданған инсулиндік картриджді еш уақытта пайдаланбаңыз.
- Әркезде инсулин инъекциясы үшін резервтік қол жетімді тәсілге (мысалы, қосалқы инсулиндік картриджге және қосалқы AllStar® немесе U-100 инсулин бар шприцке) ие болыңыз.

Қалған дозаны шкаласын оқу

Картриджде қалған бірліктердің **жуықтау саны** резеңке тығын соңында, инеге жақын жағында көрсетілген.


1 мысал

Қалғаны шамамен 250 бірлік
Шкаланы осы жерден оқиды



2 мысал

Қалғаны 50-ден 100-ге дейінгі бірлік
Шкаланы осы жерден оқиды



Сіз картриджде қалғанына көбірек бірлік сорғызып алуыңыз мүмкін.

- Егер 80 бірліктен аз қалса, дәл мөлшері:
 - ол қаншалықты оңай бұрылғанша дозатор түймесін бұру.
 - доза терезесіндегі санды оқу арқылы табылуы мүмкін.

Мысал

72 бірлік қалды



Инъекцияны енгізу үшін Сізге не қажет:

- Сіздің көп рет пайдаланатын AllStar® инсулиндік шприц-қаламыңыз®
- Бір 3 мл (300 бірлік) Санови (1 мл-ге 100 бірлік) картриджі (жиынтыққа кірмейді)
- Шприц қаламның жаңа инесі. Тек AllStar®-мен үйлесімді инені пайдаланыңыздар. Инелердің келесі дайындаушылары: Artsana, Becton Dickinson, Ypsomed и Owen Mumford пайдаланылуы мүмкін. Инелер жиынтықталымға кірмейді.

КАРТРИДЖДІ ОРНАТУ

1 адым: Жаңа инсулиндік картриджі салыңыз


А. Егер сіз AllStar®-ды бірінші рет пайдалансаңыз немесе инсулиндік картриджді ауыстырсаңыз осы нұсқауларды ұстаныңыз.

- AllStar® шприц –қаламының қалпақшасын алып тастаңыз




В. Картридж ұстатқышты шприц-қаламның корпусынан.

Егер онда ауыстырылуы қажет инсулиндік картридж болса, оны алыңыз және тастай салыңыз.




С. Сіздің инсулиндік картриджіңіздің заттаңбасын инсулиннің сәйкестігі мен жарамдылық мерзімінің сәйкестігі тұрғысында тексеріңіз. Инсулиндік картриджді ұстатқышқа салыңыз. Ішіңіра пайдаланылған картриджді пайдаланбаңыз.




Д. Инсулиндік картридждің ұстатқышын тура шприц-қаламның корпусымен туралаңыз және поршеньді артқа жылжыту үшін картридждің резеңке тығынын пайдаланыңыз.

- Дозатордың түймесін баспаңыз. Бұл шприц-қалам поршенінің сіресіп қалуына әкеледі. Поршень көрсетілген сияқты әртүрлі орналасу күйінде немесе шприц-қаламның корпусында болуы мүмкін



Е. Картридж ұстатқышты сырт еткенді естігенге дейін шприц-қаламның корпусына бұраңыз



⚠ ТЕКСЕРІҢІЗ:

Картридж ұстатқышындағы және шприц-қаламның корпусындағы белгілер суретте көрсетілгендей үйлесуі және бір сызықтың бойында болуы тиіс.



Егер белгілер теңеспесе, картридж ұстатқышын бұрап шығару және ісшараны тағы бір рет қайталау керек.

2 адым: Әрбір инъекцияның алдында Өзіңіздің инсулинін тексеріңіз

А. Инсулиндік картриджтегі заттаңбаны тексеру

Инсулиндік картриджтегі заттаңбаны жарамдылық мерзімінің өтуі тұрғысында тексеріңіз және Сіздің жарамды инсулинді пайдаланып отырғаныңызға көз жеткізіңіз. Жарамсыз инсулинді пайдалану қандағы қанттың жағымсыз өзгеруіне әкелуі, бұл Сіздің денсаулығыңыз үшін зиянды болуы мүмкін.

- Егер ол зақымданса немесе инсулиндік картридж заттаңбасында көрсетілген жарамдылық мерзімі өтіп кетсе, инсулиндік картриджді пайдалануға болмайды.

В. Инсулинді тексеріңіз

Сіз таза (мысалы, Лантус[®], Апидра[®] немесе Инсуман[®] Рапид) инсулинін пайдаланасыз ба.

- Егер инсулин бұлынғыр, боялған немесе тұнбасы болса инсулиндік картриджді пайдаланбаңыз.

Инсулиндердің (Инсуман[®] Базал сияқты) суспензиялары үшін:

- Инсулинді араластыру үшін шприц-қаламды абайлап кемінде 10 рет жоғары төмен аударыңыз.



- Араластырғаннан кейін Өз инсулинді тексеріңіз. Инсулиннің суспензиясы біртекті сүт түсті ақ болуы тиіс.

3 адым. Әрбір инъекцияның алдында жаңа инені жалғаңыз


⚠️ МАҢЫЗДЫ

Әр инъекцияның алдында *әрқашан* жаңа стерильді инені пайдаланыңыз. Бұл ластануын, дәл емес дозалануын және иненің бітелуін болғызбайды. Әрбір инъекцияның алдында *әрқашан* жаңа инені жалғаңыз. Тек AllStar[®] шприц-қаламымен үйлесімді инелерді ғана пайдаланыңыздар. Инелердің келесі дайындаушылары: Artsana, Becton Dickinson, Ypsomed және Owen Mumford пайдаланылуы мүмкін.

Суреттерде бейнеленген инелер тек мысал ретінде екені қаперіңізде болсын – Сіздің инелеріңіз басқа көрінуі мүмкін.

Резеңке тығыздағышты (картридждің ұшындағы) оны тазарту үшін медициналық спиртпен сүртеді.

А. Жаңа шприц-инеден қорғағыш үлбірін алып тастаңыз.




В. Ине мен шприц-қаламды бір сызық бойына туралап келтіріңіз және Сіз оларды жалғап жатқанда кезде түзу ұстаңыз. Оның типіне қарай иненің бұрап бекітіңіз немесе отырғызыңыз.

- Егер жалғау үдерісі кезінде ине майысып қалса, ол картриджді немесе инені зақымдауы мүмкін.
- Инені бұрап бекіту үшін күш салмаңыз. Бұл инъекцияға арналған инені ұзартуға кедергі болуы мүмкін.




С. Иненің сыртқы қалпақшасын алып тастаңыз

- Инъекциядан кейін инені жабу үшін оны сақтап қойыңыз.



САҚТАУ КЕРЕК

- Иненің ішкі қалпақшасын алып тастаңыз және оны жойыңыз.



АЛЫП ТАСТАУ КЕРЕК

ТЕКСЕРІҢІЗ

Иненің дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз.

4 адым. Әрбір инъекцияның алдында оның қауіпсіздігіне тест жүргізіңіз.

МАҢЫЗДЫ

Сіз инсулиннің дұрыс дозасын алатыныңызға көзіңізді жеткізу үшін әрқашан инъекцияны бастауға дейін қауіпсіздігіне тест жүргізіңіз.

Бұл емшара ауа көпіршіктерінің түсуін болғызбайды және Сіздің шприц-қаламыңыз тиісінше жұмыс істейтініне көз жеткізуіңізге көмектеседі.


А. Дозатордың тұтқасын бұра отырып 2 бірлік дозаны таңдап алыңыз.



ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ТЕСТ


2 бірлік іріктеліп алынды

В. Шприц-каламды инесін жоғары қаратып ұстаңыз. Картридждің ұстатқышын ауа көпіршіктері жоғары инеге көтерілетіндей етіп тықылдатыңыз.



тықылдату керек

С. Дозатордың түймесін тірелгенше басыңыз және 10 секунд бойы ұстап тұрыңыз.



10 секунд

⚠ ТЕКСЕРІҢІЗ

Иненің ұшында инсулиннің тамшысы пайда болуы тиіс. Бұдан кейін дозалау терезесі "0" қайтарылады. Керісінше жағдайда қауіпсіздігіне тестті қайталау керек.

Инсулин иненің ұшында пайда болмас бұрын Сізге қауіпсіздігіне тестті бірнеше рет қайталауға тура келуі мүмкін.

⚠ МАҢЫЗДЫ

Егер инсулин инеден шықпаса:

- Иненің бітеліп қалуы мүмкін. Инені алып тастаңыз және оны жаңасымен

ауыстырыңыз.

- Картридждің тиісінше салынғанына, зақымданбағанына (егер ол зақымданса, жаңасын пайдаланыңыз) және толтырылғанына көз жеткізіңіз. Аталып өткендер орындалғаннан кейін қауіпсіздігіне тестті қайталау керек. Егер бұл әрекеттерді орындағаннан кейін де инсулин инеден шықпаса, бұл AllStar® шприц-қаламын пайдаланбайды. Өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізбен байланысыңыз немесе «Санофи-авентис Қазақстан» ЖШС-на қоңырау шалыңыз.

5 адым. Өзіңіздің дозаңызды таңдап алыңыз


Ең жоғарғы доза - 80 бірлік. Егер сізге 80 бірліктен жоғары доза қажет болса, оны екі немесе одан көбірек инъекция түрінде алу керек.

А. Дозалық терезе қауіпсіздігіне тесттен кейін "0" көрсетіп тұрғанына көз жеткізіңіз.



В. Дозатор түймесін бұра отырып қажетті дозаны таңдап алыңыз.

- Егер Сіз дозатор түймесін Өзіңізге қажеттіден көбірек көрсеткішке бұраған болсаңыз, онда Сіз дозаторды кері бағытпен бұрауыңызға болады және бұл орайда инсулинді жоғалтпайсыз.
- Бұру кезінде дозатордың түймесін баспаңыз, өйткені инсулин ағып шығуы мүмкін.



МЫСАЛ
10 бірлік таңдап алынды

Мысал
15 бірлік таңдап алынды

⚠ МАҢЫЗДЫ

Егер дозатордың түймесі бұралмаса, күш салмаңыз.

- AllStar® инсулиндік картрижде қалғаннан көбірек инсулин бірлігін алу мүмкін емес.

Егер Сізге картрижде қалғаннан көбірек бірлік алу қажет болса, Сіз сондай-ақ:

- инсулиннің қалып қойған дозасын енгізе аласыз, одан кейін инсулиндік картрижді жаңасына ауыстыруыңызға және жетпей қалған дозаны енгізуіңізге немесе
- таусылған картрижді ауыстыруыңызға және толық дозаға арналған жаңасын пайдалануыңызға болады.

6 адым. Өз дозаңызға енгізіңіз

Өз дозаңызды Сізге емдеуші дәрігер көрсеткендей дәл енгізіңіз.

Инъекция жасалатын тері бөлігін тазартыңыз (мысалы, медициналық спиртпен сүртіңіз).


А. Инені теріге енгізіңіз.



В. Дозатор түймесін баяу тірелгенше басып Өзіңіздің дозаңызды енгізіңіз.



С. Дозатор түймесін тірелгенше басулы күйінде ұстап тұрып, 10-ға дейін санаңыз.



Д. Инені теріден алып тастаңыз.



Доза терезесін ТЕКСЕРІҢІЗ.

Егер доза терезесі "0" белгісінде тұрса ғана сіз толық дозаңызды ала аласыз.



Әрбір инсулиндік картридж 300 бірлікке дейін қоса көп реттік инъекция үшін пайдаланылуы мүмкін.

- Резеңке тығын барлық 300 бірлік пайдаланылғаннан кейін инсулиндік картридждің аяғына дейін жете алады.

7 адым. Әрбір инъекциядан кейін инені алып тастаңыз және оны қауіпсіздік ережелеріне сәйкес қалдыққа лақтырыңыз.

МАҢЫЗДЫ

Инъекциядан кейін әрқашан иені алып тастаңыз. AllStar® шприц-қаламын ешуақытта жалғаулы инесімен қалдырмаңыз.


- Бұл картриджге ауаның түсуіне, инсулиннің ағып шығуына, ластануына, дәл дозаланбауына және иенің ластануына кедергі болады.

Егер Сіз басқа адамға инъекция жасасаңыз иенің ұшына тиіп кетпеу шараларын қолға алыңыз.


- Бұл инемен кездейсоқ жаралану және жұқпа жұқтыру қаупін төмендетеді. Иненің сыртқы қалпақшасын кері қарай инеге қайта кигізіңіз



В. Инсулиндік картридждің ұстатқышын ұстап тұрып иені толықтай бұрап шығарыңыз.



Инені шығарып алыңыз



С. Жергілікті ұсыныстарға сәйкес қауіпсіз жойыңыз, мысалы оны тесілуге төзімді контейнерге тастаңыз. Инелерге арналған контейнерлер жабылуы және белгіленген тәртіпте жойылуы тиіс.

8 адым. AllStar®-ді келесі инъекция үшін сақтаңыз

А. Пайдаланудан кейін AllStar® шприц-қаламына қалпақшасын кигізіңіз. Шприц-қаламды Сіздің келесі инъекцияңызға дейін қауіпсіз жағдайда сақтаңыз.



шприц-қаламның қалпақшасы шприц-қаламның корпусы

⚠️ МАҢЫЗДЫ

Егер ол таусылмаса немесе оның пайдалану мерзімі бітпесе Сіз инъекциядан кейін инсулиндік картриджді шығарып алмауыңыз керек.

- Сіздің AllStar[®] шприц-қаламыңыз инсулиндік картриджі салынулы және Сіздің келесі инъекцияңыз үшін дайын сақталуы тиіс.

AllStar[®]-ті тоңазытқышта сақтауға болмайды.

Шприц-қалам мен инсулин бөлме температурасында тиісті инсулиннің нұсқаулығында көрсетілген температураға дейін қауіпсіз сақталуы мүмкін.

МАҢЫЗДЫ НҰСҚАУЛЫҚТАР ТӨМЕНДЕ ОРНАЛАСҚАН.

ALLSTAR[®]-ды САҚТАУ МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

AllStar[®]-ды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

AllStar[®]-ды тікелей түсетін күн сәулесінен қорғау керек.

AllStar[®]-ды жоғары температурадан қорғау (мысалы, жылытылған автокөлікте сақтамау) керек.

AllStar[®]-ды шаң мен кірден қорғау керек.

Оны ылғал шүберекпен сүрте отырып Сіз AllStar[®] шприц-қаламыңызды сыртынан тазарта аласыз.

Сұйықтыққа батырмаңыз, жумаңыз және AllStar[®]-ды майламаңыз, өйткені бұл оны зақымдауы мүмкін.

Сіздің AllStar[®] шприц-қаламыңыз дәл және қауіпсіз жұмыс істеу үшін жасалған. Оны аялап күтіп ұстаңыз. AllStar[®] шприц-қаламы зақымдануы мүмкін жағдайлардан аулақ болыңыз.

Дозатор түймесін бұрау немесе басу немесе шприц поршенін бұрынғы орнына қайтару кезінде шамадан тыс күш салмаңыз.

Зақымданған кезде AllStar[®]-ды пайдалануға тыйым салынады.

Егер Сіздің AllStar[®] шприц-қаламыңыз зақымданған ба жоқ па сенімсіз болсаңыз Өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізбен байланысыңыз немесе «Санофи-авентис Қазақстан» ЖШС-на қоңырау шалыңыз.

AllStar[®]-ды тоңазытқышта сақтамаңыз.

AllStar[®]-ді бекітулі инесімен сақтамаңыз.

Егер Сіздің инсулиндік картриджіңіз салқын жерде (мысалы, тоңазытқышта) сақталатын болса, оның жылытылуы үшін пайдаланудан 1-2 сағат бұрын шығарып қайыңыз. Суық инсулин едәуір ауыртатын болады.

Инсулиндік картридж көп мәрте инъекциялар үшін пайдаланылуы мүмкін - инъекциялар аралығында картридж босағанға немесе жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін оны AllStar[®]-дан шығармайды.

Картридж қалыпты тасымалдану мен сақтау шарттарында бірінші пайдаланудан бастап 28 күн бойы пайдаланылуы мүмкін.

Картридждерді сақтау туралы қосымша ақпарат алу үшін 3 мл инсулиндік картриджбен бірге ұсынылатын медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулығын қарау керек.

Инсулиндік картридж шприц-қаламға салулы болған кезде:

Шприц-қаламды және инсулинді медицинада қолдану жөніндегі тиісті нұсқаулығында көрсетілген бөлме температурасында қауіпсіз сақтауға болады, олар тоңазытқышта сақталмауы тиіс. Сіз инсулиндік картриджді тікелей пайдалану немесе қосалқы ретінде сақталатын қоймадан (мысалы тоңазытқыштан) алғаннан кейін сіз оны 28 күннің немесе қайсысы бұрын аяқталуына байланысты инсулиннің жарамдылық мерзімі өткенге дейін пайдалана аласыз.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін оны пайдаланбаңыз.

Шприц-қаламды пайдаланудан кейін 3 жыл өткенде Сіздің емдеуші дәрігеріңіздің ұсыныстарына сәйкес қауіпсіз жойыңыз.

Қосымша ақпарат

AllStar® – ол Санофидің сауда маркасы.



Өндіруші:

Санофи-Авентис Дойчланд ГмбХ, 65926 Франкфурт-на-Майне, Германия
AllStar® ISO 11608-1:2000 бойынша 3 мл (300 бірлік) (1 мл-ге 100 бірлік)
Санофи инсулиндік картридждерімен ағымдағы функционалдық талаптар мен дәлдікке сәйкес келеді.



Сізде AllStar® немесе қант диабеті туралы қандай да бір сұрақ болса, өзіңіздің Емдеуші дәрігеріңізбен кеңесіңіз немесе «Санофи-авентис Қазақстан» ЖШС-на қоңырау шалыңыз.



Пайдалану жөніндегі нұсқаулығын ұстаныңыз



Партия коды



Күн сәулесінен қорғау керек

Сақтау мерзімі

Шприц-қаламның кепілді жұмыс –пайдалану уақытынан бастап 3 жыл.
Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Өндіруші/Тіркеу куәлігінің иесі

Санофи-Авентис Дойчланд ГмбХ, Германия

Орналасқан мекенжайы: Industriepark Hoechst, 65926 Frankfurt am Main
GERMANY

***Қазақстан Республикасыны аумағында тұтынушылардан өнімнің
(тауардың) сапасы жөніндегі шағымдарды қабылдайтын ұйымның
мекенжайы***

«Санофи-авентис Қазақстан» ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы, Фурманов к--сі 187 Б

телефон: +7 (727) 244-50-96

факс: +7 (727) 258-25-96

e-mail: quality.info@sanofi.com

Тапсырыс беруші

«Санофи-авентис Қазақстан» ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы, Фурманов к--сі 187 Б

телефон: +7 (727) 244-50-96

факс: +7 (727) 258-25-96